

**3 дәріс. Тайпалық одақтар мен ерте мемлекеттер кезеңіндегі қоныстармен тұрғын үйлер (б. э. VII ғ. – V ғ.). (2 сағат).**

**Мақсаты:** студенттерге тайпалық одақтар мен ерте мемлекеттер кезеңіндегі қоныстар мен тұрғын үйлер (б. э. VII ғ. – V ғ.). туралы оқытып үйрету болып табылады.

**Дәріс жоспары:**

1. Сақтар мен совроматтардың қоныстары мен тұрғын үйлері
2. Үйсіндер мен қаңлылардың қоныстары мен баспаналары

**Кілт сөздер:** этнос, ұлт, этнография, салт-дәстүр, баспана, киім, тағам.

**Сақтар мен совроматтардың қоныстары мен тұрғын үйлері.** Жетісудағы, Оңтүстік және Шығыс Қазақстандағы сақ мәдениеті. Жаңадарьядағы Бабыш-Молла, Шірік-Рабат қалалары мен отырықшы қоныстары мен фортификациясы (әскери-инженерлік құрылыстары). Тянь-Шань таулы аудандарындағы, Шу даласындағы үйсіндердің қоныстары мен тұрғын үйлері. Қаңлылардың Ақтөбе, Шаушұқым, Жаман-Тоғай, Төребай-Тұмсық қоныстары; Оңтүстік Қазақстандағы Көкмардан, Көктөбе, Ахайтөбе және т.б. қалалары. Скифтердің баспанасы туралы Геродот: «олардың үйлері арба үстіне орнатылған «киіз күрке», күркенің іргесі жерге шаншылып, төбесіне барып түйістіретін ұзын сырғауылдардан дөңгелене жасалған, ол әуелі кезде буылған шөптен, қамыспен соңынан киізбен жабылады» - деп жазған. Бұл мәліметтен киіз үйді баспана ретінде сол замандарда да пайдаланғанын көреміз.

Ерте темір ғасырының ескерткіштеріне, әсіресе обаларына зерттеу жүргізілсе де, жерлеу құрылыстары баспана туралы жанама деректер ғана береді.

Ағаш құрылыстардың жоғары техникалық дәстүрі Іле өзенінің аңғарындағы тайпа атақтыларының әйгілі бесшатырлық мазарлары, Шығыс Қазақстандағы Шілікті ескерткіштерінен көрінеді. Оңтүстік Қазақстан мен Сырдарияда шикі кірпіштен құрылыс салу техникасы пайда болады.

Бесшатыр кешені Іле өзенінің аңғарында мекендеген Жетісу сақтарының киелі орны болғандығын археологиялық деректер айғақтайды.

Бесшатыр қорымының барлық обаларына біркелкілік тән, олар тастар мен ірі қиыршық тастардан үйіліп, төбесі трапеция тәрізді жалпақ болып келген және етегіне тастар тығыз қиюластырып қаланған. Үлкен обалар құрылымының ерекшелігі - үйінділер етегіндегі ордың терең болуында, обалардың астына кіретін жер осы орлардан басталған.

Мұның бәрі сақ тайпаларында архитектуралық құрылыс тәсілдері мен түрлері өте жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Яғни, төрт бұрышты және дөңгелек етіп жоспарлау, тас қалау әдісі, ағаш өңдеу дағдылары мен ағаштан құрылыс салу, құрылыс кезінде ағашты, қамысты, тасты шеберлікпен ұштастыра пайдалана білудің ертеде-ақ орныққанын дәлелдейді. Мұндай құрылыс тәжірибесі мен тәсілдері ғұрыптық ескерткіштерді салуда ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер мен қора-қопсылар салу кезінде де жинақталып, қолданылған болса керек.

Бесшатыр обалары өздерінің көрнектілігімен зор әсер қалдырады. Үлкен обаны тұрғызу үшін ғана елу мың текше метрден астам топырақ, тас, қиыршық тас пайдаланылған, ал оның үстіне қорымнан 3 шақырым жерде орналасқан ең жақын таулардан мыңға жуық тақта тастар мен қойтастар тасып әкелінген.

Ғалымдардың оба үйінділерін зерттеуі бұл үлкен қорғандардың әрқайсысы тастар мен топырақты жөн-жосықсыз текшелеу ғана емес, қайта құрылымы алдын ала ойластырылған сәулетті ғимарат екенін көрсетеді. Топырақтың көп қабат етіп үйілуі оба ішіндегі ағаш құрылысқа қажетті микроклиматты қалыптастырып, ескерткіш-обаның өз сынын ұзақ уақыт сақтауына да әсер еткен.

Үйінділердің көлемі жағынан қорым обалары үлкен, орташа және кіші болып бөлінеді, үйінділердің осы үш тобына қабір құрылыстарының әр алуан түрі: үлкендері мен орташаларына - бөренелерден тұрғызылған қабір, киіз үй тәрізді бейіт, ал барлық кіші обаларға жерден қазылған шұңқыр (кейде оған салынған тас жәшік) сәйкес келеді.

Бесшатыр құрылыстарын салуға қажетті бөренелер оба орналасқан орыннан шамамен 200-250 шақырым болатын Іле өзенінің арғы бетінен, Іле Алатауының сілемдерінен әкелінген. Ағаш сол жерде кесілген, бұтақтары мен бұдырларынан тазартылып, жасалған кертпелер арқылы оларды өзенге сүйретіп апарып, салмен құрылыс салынатын жерге жеткізген.

Осы орайда **Шілікті обаларының** архитектурасына да қысқаша тоқтала кетуге болады. Шілікті жазығы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының аумағында орналасқан. Осы кең алқапты оңтүстігінде Тарбағатай, шығысында Сауыр-Сайқан, солтүстігінде Маңырақ таулары қоршап жатыр. Жазы салқын, қысы қарсыз және жылы болып келетін далалы аймақ. Табиғат жағдайы адам өмір сүруіне өте қолайлы болғандықтан бұл аймақта б.з.д. I-мыңжылдықтың өзінде-ақ көне мәдениеттің ерекше өркендеуі болды. Бұл кезде Шілікті даласын сақ тайпалары мекендеген.

Шілікті даласында сақ-үйсін дәуіріне жататын екі жүзден астам ескерткіштер, оның ішінде елу шақты патша және ақсүйек обалары бар.

3-Шілікті обалар тобы Жалши ауылының оңтүстік жағында орналасқан, оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеліп жатыр. Барлығы 17 обадан тұрады.

№1 обаның көлемінің аса үлкендігі бұл обаны басқа ескерткіштерден ерекшелендіреді. Оба үш қабаттан тұрады. Ең жоғарғы қабаты топырақ, шым және құм араласқан қиыршық тастан тұрады. Екінші қабаты үйілген тас оба. Осы тас обаның астында жуан самырсын қарағайларынан қималанып салынған қабірхана бар. Қазба жұмыстары кезінде сыртқы топырақ қабаттың астында тас оба болғандығы анықталды. Тас оба таудың жақпар және өзеннің малта тастарынан үйілген.

Тас обаның тастарын біртіндеп аршу барысында астынан ағаш қабірхана шыққан. Қабірхананың биіктігі 3 м 50 см, керегелері жуан екі қатар самырсын бөренелерден қималанып салынған. Бөренелер бір-біріне қиылысқан тұсында ойылып тығызжымдастырылмаған. Сондықтан олардың арасындағы қуыстар таспен толтырылған. Қабірхана ұзына бойымен

шығыстан батысқа қарай орналасқан. Ғимараттың шығыс жақ беті пирамидаға ұқсатып салынған.

Қабірхананың шығыс жағынан үлкен және кіші – екі жер асты дәліздері (дромос) жасалған. Оның төбесі көлденең салынған бөренелермен жабылған. Үлкен дәліздің орта шенінің тұсы түгелімен ірі тастармен шегенделіп тасталынған.

Үлкен жер асты дәлізіне тура жанынан кіші дромос салынған. Ол үлкен дромоспен қабірхананың аузына жақындаған жерде қосылады. Үлкен дромос пен кіші дромостың қосылар жерін ұсақ тастармен уақытша қалап тастаған. Бұл жер асты дәлізін адамдар әр кез қабірханаға кіру үшін пайдаланған.

Тарихта белгілі қоныстардың ең ірісі – Қызылордадан оңтүстік-батысқа қарай 300км жерде орналасқан **Шірік-рабад** болып табылады. Қала жұрты биіктігі 15 м төбешікте орналасқан. Оның жоспары төбешік ауданымен сәйкес, ал төбешіктің ұзындығы 850 м, ені 600 м. Анағұрлым ерте кездегі қала бөлігінің ауданы 42 га, ол екі қатар қабырғамен қоршалған. Орталық бөлігінде ауданы 12,4 га цитадель (ішкі қамал) орналасқан. Қала сыртқы қабырғасының қалыңдығы 4,5 м және де ені 4 м, тереңдігі 4,5 м ормен қоршалған. Қабырғасы тік бұрышты келген мұнаралармен күшейтілген.

Қаладан оба мен екі ғұрыптық-діни құрылыс орны қазылған. Диаметрі 60 м, биіктігі 3,5 м үйінді астынан ауданы 7,5x7,5 м, тереңдігі 2,5 м жерлеу камерасы аршылды. Шұңқыр қабырғасы сыланып, сырланған.

Жерлеу құрылыстарының бірі дөңгелек пішінді, оның диаметрі 38,5 м, сақталған қабырғасының биіктігі 8,4 м. Қалыңдығы үш метрлік қабырғамен ғимарат ауданы 5,9x5,9 м төрт бөлікке бөлінген. Ішкі кірер есік оңтүстік қабырғада болған. Ғимарат жерлеу камералары ретінде қолданылған. Қабырғалары шикі кірпішпен өрілген. Ішкі жағында шатырды тіреп тұрған ағаш қаңқалары болған. Аталмыш кезеңге жататын Шірік-рабад-2, Баланды 1,2 т.б. қоныстар мен жерлеу құрылыстары белгілі.

Бесшатыр, Шілікті обалары, Шірік-рабад қонысына байланысты материалдар сақ тайпаларының мәдениеті, оның ішінде олардың баспаналары мен қоныстары туралы түсінікті байыта түседі. Олар көпжылдық тәжірибенің, жоғарыда атап өтілгеніндей, жерлеу қабірлерін салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер салу кезінде де жинақталғанын дәлелдейді. Бұдан сақтар «таза» көшпелі болған жок, олар жылдың жылы маусымдарында ғана көшіп, суық түсісімен қысқы тұрғын үйлерінде қыстаған деген қорытынды шығаруға болады. Тұрғын үй салғанда олар ағаш, тас, қамыс, бұта сияқты жергілікті материалды пайдаланған.

#### **Үйсіндер мен қаңлылардың қоныстары мен баспаналары.**

Үйсіндердің алғашқы қонысы Шу алқабынанан, Қырғыз Алатауының сілеміндегі Луговое ауылы маңынан табылған. Төбе қазу жұмысы жүргізілгенге дейін қабырғалары саздан жұмбаздалып жасалған, едендері балшықпен салынған тұрғын үйлер жәдігерлерін жасырып жатқан еді. Үй еденінен тамақ жасалынған ашық ошақ орындары табылды. Ірі көзелер

сынығының көптігі, дәнүккіш тастар мен кетпендер – қоныс тұрғындары үй іргесіндегі және жайылымдық мал шаруашылығы ұштастырып, негізінен, егіншілікпен айналысқындығын айғақтайды. Қазіргі уақытта Шу алабынан Қарабалта, Аламедин секілді бірнеше қоныстар ашылып отыр.

Тянь-Шаньнің таулы аудандарында үйсіндердің мекендері көптеген шатқалдарда кездесті. Солардың бірі Ақтас, Кеген қыстағына жақын жердегі Құрайлы өзенінің бойында. Бұл арадан қабырғалары таспен қаланған бес тұрғын үй мен қора-жайлар қалдықтары аршылды. Қыстақ қасынан ежелгі егістіктер орны табылды, олар өзеннен тартылған арықтармен суарылғандығы анықталды.

Ертедегі үйсіндердің олар қоныстанған бүкіл кең-байтақ аумақтағы қабірлерге орнатылған ескерткіштері екі үлгідегі: үйілген обалар және жалпақ қоршаулар түріндегі құрылыстар болып табылады. Әдетте, құрышыстардың екі үлгісі де бір қорымның құрамынан кездеседі. Кейде қоршаулар жеке қорым құрайды, бірақ мұндай реттер біршама аз. Тек бір ғана қоршаулардан тұратын оқшауланған қорымдарды оп-оңай санап шығуға болады. Шығыс Жетісуда бұлар: Қалқан-1, Үнгірқора-2, Бесшатыр-4, Ақшоқы-3, Ақтасты-5 (Кеген өзенінің аңғары), Өсек-2 (Өсек өзенінің аңғары). Батыс Жетісу мен солтүстік Ферғанада Шығыс Жетісумен салыстырғанда мұндай қорымдар әзірше белгісіз.

Көп жылдық қазба жұмыстарының көрсеткеніндей, бұл ескерткіштердің сыртқы түріндегі айырмашылық олардың этникалық және мәдени тегіндегі айырмашылықты білдірмейді. Керісінше, жерлеу ғұрпы мен қоса салынған саймандар жөнінен олардың бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ. Үйіндісіз қоршаулар неғұрлым ертедегі дәуірлердің сарқыншақтарымен байланыстырылады, сондықтан олардағы хронологиялық белгілер айқын ажыратылады. Алайда біздің байқауларымызда ондай тұжырымдарды дұрыс деуге салмақты дәлелдер жоқ. Сонымен, үйінді обалардан тұратын қорымдар үйсіндердің жерлеу құрылыстарын сипаттайтын ескерткіштердің негізгі үлгілері болып табылады. Обалар зираттың төңірегіндегі жергілікті материалдан үйілген. Обалар жазық далаларда — топырақтан, өзен аңғарларында — сары топырақтан немесе өзеннің малтатастарынан, тау етектерінде тас араластырылған топырақтан, қиыршақтастан, тастардан тұрғызылған. Үйінділердің көлемі мейлінше әр түрлі: диаметрі 80 метрден 100 метрге, биіктігі 10 метрден 12 метрге дейін жететін жер бетінен сәл көтеріліп жатқан үйіндісіз шағын обаларға дейін кездеседі. Үйсіндердің белгілі обаларының бәрін көлемі және жерлеу жабдықтарының байлығы жөнінен үш топқа: үлкен, орташа және кіші топтарға белуге болады. Белгілі қорымдардың басым көпшілігіндегі оба құрылысында үйсіндердің қабірге орнатқан ескерткіштері құрылысының екі үлгісі — үйінді мен қоршау ұштасып отырады. Әр түрлі нұсқалары кездеседі, бірақ ең жиі кездесетіндері: 1) «үйінді астындағы» қоршаулы обалар; 2) «үйінді сыртындағы» қоршаулы обалар, яғни қоршау негізгі үйіндіні айналдыра белгілі бір қашықтыққа орналасады; 3) «үйінді үстіндегі» қоршаулы обалар. Соңғыларының нұсқалары: үйіндіні түбінен қоршап тұратын қоршау, жиегіндегі қоршау және биік басындағы

қоршау. Оба үйіндісіне екі-үш қоршау салынған реттер де мәлім, олар концентрикалық жиегі бойынша орналастырылған (Сарытай-3, Ақшоқы-4), бірақ үйінді астында бірнеше қоршауы бар обалар әлдеқайда жиі кездеседі (Қалқан-1). Дербес топ ретінде немесе үйіндімен бірге кездесетін қоршаулар үлгісіндегі қабір құрылыстары көпшілік жағдайда — дөңгелек, кейде төрт бұрыш (шаршы, тік бұрыш), сирек болса да сопақша түрде болып келеді. Жер бетіне немесе үйінді үстіне үлкен-үлкен қойтастарды бір қатар немесе бір қабат етіп жай ғана қалай салу жолымен қоршауларға алдын ала ойластырылған түр беріліп отырған. Егер тастың көлемі неғұрлым ұсақ сынықтары пайдаланылса, олардың биіктігі мен ені бірнеше қабат етіп қаланған. Өзен аңғарларында қоршауларды қалауға өзеннің үлкен малтатастары қолданылған. Қоршаулардың биіктігі мен ені орта есеппен алғанда тиісінше 0,5—0,6 м және 0,2—0,3 м. Өсек қорымында (Өсек өзенінің сол жағалауы, Жоңғар Алатауының оңтүстік етегі) ірі жентек тастар қырынан көміліп тік бұрышты және дөңгелек қоршаулар тұрғызылған. Ертедегі үйсін қорымдары тек қана қыстау-қоныстардың маңына, тау етектеріне, шатқалдардан жазыққа шығар жерлерге орналасқан. Үйсіндер қоныстануды ұнататын жер бедері қорымдарды олардың мәдениетіне тән меридиандық «тізбекте» жоспарлауды анықтап берді. Қыстау-қоныстар тау шатқалдарының түбіне орналасқандықтан, зираттар тау өзендері мен жылғаларының жарқабақтарына салынған. Мұның өзі қабір құрылыстарының өзара орналасуы судың солтүстіктен оңтүстікке және керісінше ағу бағытына қатаң сәйкес келіп отырды. Алайда ертедегі үйсін қорымдарының ерекше жоспарлануын жер бедері туғызған деген тұжырым бір қорым құрамындағы обалардың әрбір тізбегінің бір руға немесе үлкен әулетке жататындығы туралы әдебиетте бар қағиданың дұрыстығын әсте де теріске шығармайды. Ол былай тұрсын, біздегі жаңа материалдар, әсіресе Кетпентау етегіндегі Ақтасты қорымдарының тобы рудың немесе үлкен әулеттің ыдырауына қарай қорымдардың жоспарлануы қалай өзгертіндігін айқын дәлелдейді: ұсақ тізбектер үзіледі; шағын әулетке тиесілі әрбір қыстау-қоныстың жанынан өз зираты пайда болады; жүйесіз орналасқан үйінділерден тұратын көлемді қорымдар кездеседі, оларды, енді қандас туыстық байланыстары бойынша емес, қайта аумақтық-шаруашылық мүдделері бойынша біріккен ұжымдар тастап кеткен.

Кейінгі жылдарда археологиялық әдебиет беттерінде дұрыс баяндалмай келе жатқан бір жайға тоқталып өту қажет. Ол қорымдарды жоспарлаудағы және үйінділер қоршауларының орналасуындағы өзгеріс-терді обаның мерзімін анықтайтын белгілер деп қарастыруға әрекет жасау.

Жетісудың ертедегі кезі жөніндегі біліміміздің казіргі сатысында А. Н. Бернштамның пікірін даусыз дұрыс деп санауға болады; оның пікірінше, белгілі бір қорымдарды қазып, мерзімін белгілейтін материал алғанға дейін сақ-үйсін мәдениетіне жататындығын анықтаушы белгі оларда обалардың тізбек бойынша орналасуы және қабір құрылыстарының құрылымында үйінділер мен қоршаулардың үштасуы болып табылады. Біз сақтар мен үйсіндердің кезіндегі мәдениет туралы жалпы сөз еткен кезде осы көзқарастың

дұрыс екенін атап көрсетеміз. Бірақ олар ескерткіштерді кезең-кезең бойынша хронологиялық топтаудың өлшемі, мәдениеттің сатылық эволюциясын анықтаушы емес. Үйсіндердің белгілі қорымдарының бәріндегі қабір құрылыстарының құрылымдарын салыстыру қоршаулардың үйінділерге қарай орналасуының әр түрлі нұсқалары үйсін мәдениеті дамуының барлық кезеңдеріне тән екенін көрсетеді. Әр түрлі нұсқаларды ертедегі үйсіндердің діни көзқарасы болып табылатын әлдебір рәсімдік-магиялық ұғымдар туғызған болса керек. Қорымдардың жоспарлануындағы өзгерістер де мерзімін дәл анықтайтын белгі бола алмайды. Біріншіден, обалардың ерекше орналасуын жер бедері қалыптастырған. Екіншіден, үйінділердің «тізбектеле» орналасуы үйсін мәдениетінің неғұрлым алдыңғы кезеңіне, рулық байланыстар әлі де күшті болған кезге тән болған; ал олардың ыдырауына байланысты, яғни неғұрлым соңғы кезеңде үйінділері жүйесіз орналасқан қорымдар пайда болады.

Сондықтан біз қорымдардың топографиясы мен қабір құрылыстарының құрылымы олардың мерзімін белгілеудің қосалқы өлшемі ғана бола алады, ал соларға ғана негізделген тұжырымдар мен топтаудың қандайы болса да қатерлерге ұрындырмай қоймайды және олар жасанды құрылымдар деп саналуға тиіс деген тұжырымға тоқталамыз. Мұндай қателерге мысалдар аз емес. Беғазының (Орталық Қазақстан) тақтатас қоршауларын Байкал сыртындағы тақтатасты молалармен немесе Ноин-Ула қималарын Пазырық обаларының қималарымен және т.б. салыстыру сәтсіз болғанын еске сала кетейік. Бүкіл халық үшін ортақ жерлеу ғұрпы компоненттерінің бірі ретінде ертедегі үйсіндердің табыну құрылыстары олардың діни дүниетанымының тікелей көрінісі болып табылады. Біртіндеп күрделілене түскенімен, діни түсініктер негізінен алғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшырамады және жерлеу ғұрпы мен табыну құрылыстарының да құрылымы өзгерген жоқ. Үйсін ескерткіштерін археологиялық зерттеу мәдени дамудың хронологиялық үш кезеңін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, олардың әрқайсысына қорымдардың жоспарлану ерекшеліктері, қабір құрылыстарының өзгешелігі және құрал-саймандардың, қару-жарақтың, тұрмыс заттарының, әшекейлердің өзіндік түрлері мен үлгілері тән. Ескерткіштердің неғұрлым ертедегі тобы б. з. б. III—I ғасырларға, орта кезеңдегілері — б. з. I—III ғасырларына, кейінгі кезеңдегі ескерткіштер б. з. III—V ғасырларына қатысты.

### **Әдебиеттер:**

1. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев В.М. Древняя культура Центрального Казахстана. -Алма-Ата, 1966.
2. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. -А, 1989.
3. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. -А, 1986.
4. Хозяйство казахов на рубеже 19-20 вв. Историко-этнографический атлас.-Алма-Ата, 1980.
5. Шалекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. -Алматы, 2002.
6. Муканов М. С. Казахские домашние художественные ремесла. -Алма-Ата, 1979.